

ӘОЖ 57.075 <https://doi.org/10.54944/kzbsd891zj28>**ТАБИҒАТ МҰРАЖАЙЫНА ШИРЕК ҒАСЫР****Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А.**

ҚР БҒМ ҒК «Ғылым ордасы» РМК, 050010, Шевченко көшесі 28 үй, Алматы, Қазақстан
E-mail: g.nazymbetova@mail.ru

Тұжырым. 2021 жыл - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК табиғат музейі үшін мерейтойлық жыл, 15 сәуірде оның құрылғанына 60 жыл толады. 1932 жылдан 1958 жылға дейін зоология секторы жұмыс істеген кезеңде ҚазКСР ҒА зоология институтының ғалымдары Қазақстанның жануарлар әлемі туралы әр түрлі ғылыми мәліметтер жинап зерттеді, өзінің географиялық орналасқан жеріне, аумақ көлеміне және ландшафтардың әр түрлілігі арқасында тарихи дәуірге дейінгі және қазіргі заманғы жануарлар әлемінің алуан түрлілігі анықталды. Торғай, Зайсан ойпаттарында және Орталық Қазақстанда 1948-1957 жылдары палеонтолог-ғалымдар және геологтар жинастырған ежелгі тарихилыққа дейінгі жануарлардың сүйектерінің жинақтамасы музейдің ашылуына басты себеп болды. Сондай-ақ бұл бастама дер кезінде ҚазКСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қ.И.Сәтпаевтың қолдауын тапты. 1959 жылдан бастап мұражай өзінің алғашқы келушілерін қабылдап, біртіндеп республика аймағынан шалғай жерлерге танымал бола бастады. Музейдің ресми ашылуы 1961 жылғы 29 сәуірдегі ҚазКСР ҒА Президиумының № 44 Қаулысына сәйкес ҚазКСР 40-жылдық мерей тойына орайластырылды. Музейдің басты мақсаты – қарапайым жәндіктен жоғары ұйымдасқан жаратылыстарға дейінгі ежелгі геологиялық дәуірден біздің заманымызға дейінгі Қазақстанның жануарлар әлемін кеңінен таныту. Ғылым академиясының ғимаратында жөндеу жұмыстарымен байланысты ұзақ үзілістен (2006 - 2010 жж.) кейін 2010 жылы Табиғат музейі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК музейлер кешені құрамында бұрынғы орнына оралды. Экспозиция қалпына келтірілді, жаңартылды және жаңа бірегей экспонаттармен толықтырылды.

Кілт сөздер. Ғылым ордасы, Табиғат мұражайы, Торғай, Зайсан ойпаты, Қазақстан жануарлар әлемі.

Кіріспе

Алматы қаласындағы музейлердің әрқайсысының құрылу, қалыптасып, көркею тарихы бар. Қалың көпшілікке мәдени-ағартушылық қызмет көрсететін іргелі мекеме «Ғылым ордасы» республикалық мемлекеттік кәсіпорынның Табиғат музейінің құрылғанына ағымдағы жылы алпыс жыл.

Экспозицияның негізін құраған Зоология Институтының ғылыми жинақ материалдар қоры болды, олардың кейбірі әлемде еш бір жерде жоқ.

Палеонтологиялық зерттеулер нәтижесі жануарлар әлемінің хронологиялық эволюциясын ашады. Жер астындағы байлықтар туралы тас жылнамалары беттерінің мағынасын аша отырып, ғалымдар Солтүстік жарты шар мен Қазақстанды қоса алғанда қазіргі өсімдіктер мен жануарлар әлемінің қалыптасу тарихын ұғыну үшін айтарлықтай қызығушылық тудыратын фанерозой (қазіргі заманға дейін 570 млн. жыл бұрын) геологиялық дәуірінің ландшафтар кескінін қалпына келтіру жұмыстарын жалғастыруда. Ерекше атап өтетін жайт, 1912 жылы алып мүйізтұмсықтың қаңқасы табылғаннан бастап он шақты ғылыми жаңалықтар ашылды, олар Қазақстанға палеонтологиялық зерттеуге арналған ерекше мемлекет деген әлемдік атақ алып келді. 1932 жылдан 1958 жылға дейін зоология секторы жұмыс істеген кезеңде ҚазКСР ҒА зоология институтының ғалымдары Қазақстанның жануарлар әлемі туралы әр түрлі ғылыми мәліметтер жинап зерттеді, өзінің географиялық орналасқан жеріне, аумақ көлеміне және ландшафтардың әр түрлілігі арқасында ежелгі және осы заманғы жануарлар әлемінің алуан түрлілігі анықталды. Қазақстандағы палеонтология бойынша жүйелі зерттеулер 1946 жылы басталды. Қ.И.Сәтпаев пен В.С.Бажановтың бастамасымен Қазақ КСР Ғылым академиясының Зоология институтында палеобиология зертханасы ұйымдастырылды. Қазақстандық палеонтологтар алғашқы жылдары қазба жануарлары мен өсімдіктерінің сүйек қалдықтары табылған 50-ден астам орындарды ашты және зерттеді: Ақеспе, Шынтұзсай, Қараторғай, Шалқартеңіз, Күшік, Мыңескісүйек, Қызылқия, Шахшах, Жәйрем, Асқазансор, «Қаздар өткелі», Жайсан ойпаты. Олардан 750-ден астам өсімдіктер мен

600 жануарлардың қалдықтары табылды, бұрын белгісіз жануарлардың 150 түрі және өсімдіктердің 200-ден астам түрлері зерттелді. Торғай, Жайсан ойпаттарында және Орталық Қазақстанда 1948-1957 жылдары палеонтолог-ғалымдар және геологтар жинастырған бұл ежелгі жануарлардың сүйектерінің жинақтамасы музейдің ашылуына басты себеп болды. Сондай-ақ бұл бастама дер кезінде ҚазКСР Ғылым Академиясының тұңғыш президенті Қ.И.Сәтпаевтың қолдауын тапты. 1959 жылдан бастап мұражай өзінің алғашқы келушілерін қабылдап, біртіндеп республика аймағынан шалғай жерлерге танымал бола бастады. Мұражайдың ресми ашылуы 1961 жылғы 29 сәуірдегі ҚазКСР ҒА Президиумының № 44 Қаулысына сәйкес ҚазКСР 40-жылдық мерей тойына орайластырылды (Сурет 1-2).



Сурет 1 – Қ.И. Сатпаев табиғат музейінің ашылу салтанатында
Figure 1 – K.I. Satpayev at the opening ceremony of the Museum of Nature



Сурет 2 – Қ.И. Сатпаев Табиғат мұражайының пікір кітабына бірінші пікір қалдырды
Figure 2 – K.I. Satpayev left the first comment in the book opinion of the Museum of Nature

Музейдің бірінші директоры Т.Н.Нұрымов болды. Ол музейдің ашылуына, экспозициялар жасауға көп еңбек сіңірді. Төлеген Нұрымұлы 1958 жылдан 1963 жылдары музейдің қалыптасуы мен көркейюіне үлкен үлес қосты. Осы уақыт аралығында оның жетекшілігімен музейдің ғылыми және экспозициялық жұмыстарын жетілдіруде елеулі қадамдар жасалды. Музей уақыт талабына қарай үнемі даму үстінде болды (Сурет 3).



Сурет 3 – Нұрымов Төлеген Нұрымұлы
Photo 3 – Nurymov Tolegen Nurymovich

Ғылым академиясының ғимаратында жөндеу жұмыстарымен байланысты ұзақ үзілістен (2006 - 2010 жж.) кейін 2010 жылы Табиғат музейі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Ғылым ордасы» РМК музейлер кешені құрамында бұрынғы орнына оралды. 2010 жылдан бастап Табиғат музейінде ұзақ мерзімді үзілістен кейін экспозицияларды қайта қалпына келтіру жұмыстары басталды.

2012 жылдан бастап палеонтологиялық экспозициялар қалпына келтіріліп, зал жұмысын бастады және қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан зоологиялық залдың экспозициясын құру жұмыстары қолға алынды. Палеонтологиялық экспозиция Қазақстанның геологиялық өткен тарихының жануарлар әлемінің сан алуандығы мен байлығын айқындайды, мұнда Қазақстанның палеозой, мезозой және кайнозой шөгінділерінен алынған ежелгі жануарлардың ерекше сүйектері мен қаңқа сүйектері ұсынылған. Мезозой мен кайнозой дәуірінің экспонаттары Қазақстанның геологиялық өткен фаунасының алуан түрлілігі мен байлығына куәлік етеді.

Ең сирек кездесетін экспонаттардың бірі - теңіз жыртқышы Плиоаврдың ескек аяқтары мен омыртқалары, ол шамамен 130-140 миллион жыл бұрын қазіргі Батыс Қазақстан территориясында тіршілік еткен, сонмен қатар тарбозавр қаңқасының көшірмесі; алып мүйізтұмсықтардың қаңқасы - индикотерий, ірі шошқа тәрізділер - Торғай ойпатындағы олигоценнен кезеңінде тіршілік еткен энтелодонның қаңқасы; Есіл өңірінен табылған алып мастодонның төменгі жақ сүйегі мен сан сүйегі және мәңгі мұзданған тоңдардан табылған қалпына келтірілген мамонтының баласы Диманың көшірмесі бірегей экспонаттар.

Қазақстанның жоғарғы юра түзілімдерінен (Орал обылысы) алып теңіз жыртқышы плезиозавр *Liopleurodon cf. rossicus* белгілі болды оған тең келетін жоғары юра теңізінде болмады. Дене ұзындығы 13 метр, ал басының ұзындығы шамамен метрге жеткен. Аңның денесінің көлемі қазіргі азулы акула және ихтиозавр тәрізді жыртқыштарды аулауға мүмкіндік берді (Сурет 4).




Сурет 4 – Батыс Қазақстаннан табылған плиозавр ескек аяғы
Figure 4 – Pliosaur paddle legs found in Western Kazakhstan.

Гадрозавр (Үйректұмсық Динозаврлар) жоғары мел тұнба қабаттарынан (сантон-кампан) әсіресе Арал теңізінің маңында құрлықтан динозаврлар өкілдері көптеп табылған (сурет 5), біршама дамыған өкілдері өз арасында жоғары дамығын дәрежеде «қарым-қатынаста» болған үйір болып жүретін жануарлар болса керек (Орлов [Orlov] 1964).



Сурет 5 - Гадрозавр баласының бас сүйегінің көшірмесі
Figure 5 – A copy of the skull of a hadrosaur

Жоғары мел тұнба қабаттарынан (маастрихт) Солтүстік Қазақстаннан мозазавр табылған. Мозазавр қазіргі кездегі келестің жақын туысы, айырмашылығы дене көлемі (дене ұзындығы 10 метр) мен аяқтары суда тіршілік етуге бейімделгендігінде (сурет 6).



Сурет 6 – Құсмырын шұңқырынан (Қостанай) табылған теңіз кесірткесі – мозазаврдың жақ сүйегінің бөлігі
Figure 6 – A sea lizard found in the Kushmurun quarry (Kostanay) – part of the jaw bone of a mosasaur

Экспозицияда кайнозой дәуіріне тән жануарлар өкілдері ұсынылған. Оligоценде (шамамен 32 млн. жыл бұрын) көптеген мүйізсіз мүйіз тұмсықтар тіршілік еткен. Олардың ішінде алып мүйіз тұмсық- индрикотерийде болған. Барлық уақыттың ең ірі сүтқоректісі аңыз аң Индрика атымен аталады. Бұл ірі аңның дене ұзындығы шамамен 9-10 метр және биіктігі 5 метрден асатын болған (сурет 7).



Сурет 7 – Индрикотериидің қаңқасы
Figure 7 – The skeleton of the indricotherium

Осылармен бірге бұл дәуірде ежелгі шошқатәрізді энтелодон-*Entelodon major* Berjukov тіршілік еткен (сурет 8). Бұл ежелгі ірі шошқалар туысы олигоценде және миоценде Солтүстік Америка, Азия және Европа аумақтарында тіршілік еткен. Олардың көбінің ұзындығы үш метрден асқан және бұқадан ірі болған.



Сурет 8 – Шошқатәрізді энтолодонның қаңқасы
Figure 8 – Skeleton of a pig-like entolodon

Миоценнің басында ежелгі етұмсықтылардың дамуы шарықтау шегіне жетті. Оның бір өкілінің бойының биіктігі 6 метр, бивеннің ұзындығы 3 метр болған. Бұл Петропавл Ертіс маңынан табылған керемет алып мастодонт *Zygalophodon* туысына жатады (сурет 9).



Сурет 9 – Петропавл Есіл маңынан табылған алып мастодонт *Zygalophodon* жақ сүйегі
Figure 9 – The jawbone of the giant mastodon *Zygalophodon*, found in the lashim region of Petropavlovsk

Мастодонттармен бірге бір уақытта мүйіз тұмсық-ацератерилер және басқа да ормандалалы ландшафты жағдайға бейімделген сүтқоректілер кең тарады. Мүйізтұмсық-ацератерии дене көлемі қазіргі мүйізтұмсықтарға жеткен (сурет 9). Қазақстанда олардың сүйек қалдықтары Арал маңынан (жоғары олигоцен), Торғай иінінен (Күшік, төмнгі миоцен), Павлодар Ертіс маңынан (Қалқаман өз.,



Сурет 10 – Торғай ойпатынан табылған мүйіз тұмсық – ацератеридің қаңқасы (өз. Улыжыланшық)
Figure 10 – Skeleton of a horned beak - aceratherium found in the Turgay basin (Ulyzhilanchik river)

Миоценнің соңында савана тәрізді ландшафт кең тарады да гиппарион фаунасы жануарлары мекендеді. Фаунаның осылай аталуы үш тұяқты жылқылар-гиппариондар көп болғандығында. Қазақстан аймағында орта миоценен плиоценнің жартысына дейін гиппариондардың бірнеше түрі тіршілік еткен. Гиппариондар Австралия мен Солтүстік Америкадан басқа материктердің барлығын мекендеген (Сурет 11).



Сурет 11 – Павлодар Ертіс маңынан табылған гиппарион қаңқасы
Figure 11 – The skeleton of a hipparion found in the Pavlodar Irtysh region

Олармен бірге бір уақытта мүйіз тұмсық – хилотерий, керік, бұлан, қанжар тісті жолбарыс, түйеқұс және тағы басқа көптеген сүтқоректілер тіршілік еткен (Сурет 11). Хилотерии сүйек қалдықтары Қазақстан аумағының барлық жерінде миоплиоцен тұнба түзілімдерінде кездеседі (Орлов [Orlov] 1962).



Сурет 12 – Павлодар Ертіс маңынан табылған хилотерийдің қаңқасы
Figure 12 – The skeleton of a hyotherium found near the Pavlodar Irtysh region

Сонғы плейстоцен фаунасына тән өкілдерінің бірі мамонттар болған (сурет 13). Евразияның солтүстігінде 250 мың жылдан 10 мың жыл бұрын тіршілік еткен. Бұл климаттық жағдай қатал болған, жүнді мүйізтұмсық, солтүстік бұғысы, бизон, қойбұқа, ұңгір аюы және ұңгір арыстаны тіршілік еткен уақыт (Назымбетова [Nazimbetova] 2020).



Сурет 13 – Мамонттың қаңқасы
Figure 13 – Mammoth skeleton

Сонғы 30 жылда Шығыс Сібір аймағынан мәңгі мұз түзілімдерінен мамонттың баласының тұтас денесі табылған, олардың бірінің көшірмесі «Мамонт баласы Дима» біздің мұражайдың экспозициясына әр береді (Сурет 14).



Сурет 14 – «Мамонт баласы Дима» көшірмесі
Figure 14 – A Copy Of “Dima the Mammoth”

Екінші зал - зоологиялық зал. Зоологиялық зал төрт экспозицияны ұсынады - шөл және тау, орман және дала ландшафтары. Әр экспозиция жергілікті биотоптардың фаунасы мен флорасын ашады. Қызыл кітапқа енген түрлерге ерекше назар аударылған. Сонымен қатар жәндіктер экспозициясын, су асты балықтар экспозициясын, тынық мұхит кораллдарын тамашалауға болады.

Бір күнде сіз барлық ландшафтық аймақтарды –шөл және тау, орман мен дала, су асты жануарларын тамашалауға мүмкіндігіңіз бар. Залда орман мен дала аймағының диорамалық көрмесі ұсынылған. Мұнда сіз жыртқыш аңдардың ішінде борсық, түлкі, құну, қоңыр аю, шөбері және қасқыр, орман жұптұяқтылары - бұлан, елік, бұғы, қабандар, ақбөкендер және т.б. құстардан: құлақты жапалақ, қарға, әсем шымшық, сарыбауыр шымшық, көлбұқа, тырна, қамысшы, тұнбашы, күйкентай, сауысқан, тоқылдақ, қара торғай, жапалақ, үкі, мысықторғай және тағы басқа қанаттыларды көре аласыз. және баяу, асықпай қозғалатын тасбақа, табиғат таңғажайып түспен сыйлаған қабыршақанаттылар көзді қуантады.



Сурет 15 – Қазақстанның дала ландшафты
Figure 15 – Steppe landscape of Kazakhstan



Сурет 16 – Қазақстанның орман ландшафты
Figure 16 – Forest landscape of Kazakhstan

Мұнда жәндіктер экспозициясынан Қазақстанның эндемик жәндіктері ерекше назар аудартады.



Сурет 17 – Қазақстанның орман ландшафты
Figure 17 – Forest landscape of Kazakhstan

60 жыл бойы музей өзінің ғылыми- білім беру және табиғат қорғау бағыттарының арқасында тек республикада ғана емес одан тыс жерлерде кең танымалға ие болды. Музейдің маңыздылығына қойылған экспонаттардың бірегейлігіне баға жетпейді. Экспозицияда ұсынылған бірегей жинақтар біздің қоғамымыздың мәдениетін және әлеуетін көтеруде үлкен мәні бар біздің ұлттық байлығымыздың ажырамас бөлігі болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- Назымбетова Г.Ш. 2020. Қазақтың тұңғыш палеонтолог қызы. Алматы. 16-17 б.
Орлов Ю.А. 1964. Земноводные, пресмыкающиеся, птицы. Основы палеонтологии. Москва: Издательство Академии наук СССР. 386 с.
Орлов Ю.А. 1962. Млекопитающие. Основы палеонтологии. Москва: Издательство Академии наук СССР. 507 с.

REFERENCES

- Nazimbetova G.Sh. 2020. Daughter of the first Kazakh paleontologist. Almaty. P. 16-17.
Orlov Yu.A. 1962. Malleable. Fundamentals of Paleontology. Moscow: publishing Academy of science of the USSR. 507 P.
Orlov Yu.A. 1964. Zemnovodnye, presmyklay, birds. Fundamentals of Paleontology. Moscow: publishing Academy of science of the USSR. 386 P.

Қосымша:

Пайдаланылған коллекция материалдарының түгендеу нөмірлері

- ТМТК-1 Алып мүйізтұмсық индрикотерий қаңқасы
- ТМТК-2 Мамонттың қаңқасы
- ТМТК-3 Хилотери мүйізтұмсығының қаңқасы
- ТМТК-4 Ацератери мүйізтұмсығының қаңқасы
- ТМТК-5 Энтелодонның қаңқасы
- ТМТК-6 Үш ашалы гиппарион жылқысының қаңқасы.
- ТМТК-7 Мамонт баласының «Дима» (гипс көшірме)
- ТМТК-42 Ескек аяқ. Плиолавр-лиолевродон
- ТМТК-48 Ұйрек тұмсық динозаврдың бас сүйек (гипс көшірме)
- ТМТК-53 Мозазаврдың жақ сүйегінің бөлігі
- ТМТК-193 Есил Мастодонтының Төменгі жақ сүйегі

Назымбетова Г.Ш. Тлеубердина П.А. Музей природы – четверть века

Аннотация. 2021 год является юбилейным для музея природы РГП «Гылым ордасы» Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан, 15 апреля исполняется 60 лет со дня его образования. Со времени создания сектора зоологии с 1932 г. и по 1958 г. учеными Института зоологии АН КазССР был собран и изучен разнообразный научный материал о животном мире Казахстана. Эти коллекции останков древних доисторических животных, собранные учеными-палеонтологами и геологами в Тургайской, Зайсанской впадинах и в Центральном Казахстане в 1948-1957 годах, дали идею для создания музея. Эта инициатива своевременно была поддержана первым президентом Академии Наук КазССР академиком К. И. Сатпаевым. С 1959 года музей начал принимать первых посетителей и постепенно приобрел широкую популярность далеко за пределами республики. Официальное открытие музея, в соответствии с Постановлением Президиума АН Казахской ССР от 29 апреля 1961 г. за № 44, было приурочено к 40-летию юбилею Казахской ССР. Основная цель музея – популяризация животного мира Казахстана от простейших до высокоорганизованных существ, с древнейших геологических эпох до наших дней. После длительного перерыва (2006 – 2010 гг.), связанного с ремонтом здания Академии наук и демонтажа всех экспозиций, в 2010 году Музей природы вернулся на свое прежнее место в составе музейного комплекса РГП «Гылым ордасы» Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан. Экспозиция восстановлена, обновлена и пополнилась новыми уникальными экспонатами.

Ключевые слова. Гылым Ордасы, Музей природы, Тургайская, Зайсанская котловина, животный мир Казахстана.

Nazymbetova G.Sh. Tleuberdina P.A. The nature museum is a quarter of a century old

Abstract. 2021 is a jubilee year for the Museum of Nature of the RSE "Gylym Ordasy" of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan, April 15 marks the 60th anniversary of its foundation. Since the creation of the zoology sector from 1932 to 1958, scientists of the Institute of Zoology of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR have collected and studied a variety of scientific material about the fauna of Kazakhstan. These collections of the remains of ancient prehistoric animals, collected by paleontologists and geologists in the Turgai, Zaisan depressions and in Central Kazakhstan in 1948-1957, gave the idea for the creation of the museum. The first president of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR, academician K.I.Satpayev, timely supported this initiative. Since 1959, the museum began to receive its first visitors and gradually gained wide popularity far beyond the borders of the republic. The official opening of the museum, in accordance with the Decree of the Presidium of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR dated April 29, 1961, No. 44, was timed to coincide with the 40th anniversary of the Kazakh SSR. The main goal of the museum is to popularize the fauna of Kazakhstan from the simplest to highly organized creatures, from the most ancient geological eras to the present day. After a long break (2006 - 2010) associated with the renovation of the building of the Academy of Sciences and the dismantling of all expositions, in 2010 the Museum of Nature returned to its former place as part of the museum complex of the RSE "Gylym Ordasy" of the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan. The exposition has been restored, updated and replenished with new unique exhibits.

Key word: Gylym Ordasy, Museum of Nature, Turgai, Zaisan depressions, the fauna of Kazakhstan.